



ӘОЖ 9(93)

FTAXP 03.01.07

DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2026.102(2).7

Исабек* М.Қ., Сугирбаева Г.Д., Орынбасарова Г.Ж.

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан Педагогикалық
университеті, Шымкент, Қазақстан

E-mail: issabekmm@gmail.com, sugirbaeva@mail.ru, orynbasarova.74@mail.ru

РЕПРЕССИЯЛАНҒАН ӘЙЕЛДЕР ТАРИХЫН ОҚЫТУДЫҢ ҒЫЛЫМИ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МОДЕЛІ (ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЫСАЛЫНДА)

Аңдатпа. Мақалада репрессияланған әйелдер тарихын оқытудағы ғылыми-педагогикалық модельдің мақсаты, құрылымы және ғылыми негізіне талдау жасалады. Репрессия тарихы, саяси қудалауға ұшыраған әйелдердің тағдыры Оңтүстік Қазақстан өңірі мысалында қарастырылады. Негізгі дереккөз ретінде өңірлік архив, музей деректері, саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия материалдары мен жекелеген зерттеушілердің еңбектері қарастырылған. Зерттеудің негізгі өзектілігі мектепте тарих пәнінен репрессияланған әйелдер тарихын оқытуда оқушылардың тарихи санасын, танымдық белсенділігін және зерттеушілік қабілетін арттырудың моделін ұсыну, тәжірибеден өткізу. Бұл модель негізінде репрессияланған әйелдердің өмір жолы мен қоғамдағы орнын, қайраткерлік қызметін оқушыларға оқу бағдарламасына кіріктіру арқылы жүзеге асырылады. Зерттеу барысында тарихи деректерді іріктеу, оларды тарих пәні бойынша оқу бағдарламасына кіріктіру және тиімді оқыту әдістері ұсынылады. Ғылыми-педагогикалық модель білім алушылардың сыни ойлауын дамытуға, тарихи фактілерді талдауға бағытталған. Мақалада тарихи-деректік, тарихи-салыстырмалы, интерактивті оқыту әдістері мен жалпығылыми модельдеу әдісі тиімді қолданылған. Аталған әдістерді кешенді түрде қолдану репрессияланған әйелдер тарихын оқытудың ғылыми-педагогикалық моделін құруға мүмкіндік береді. Ұсынылған модель тарихты оқытуда жаңа әдіс-тәсілдерді енгізуге мүмкіндік беріп, репрессияланған әйелдер тағдырын терең түсінуге жағдай жасайды.

Кілт сөздер: репрессия; әдістеме; педагогика; модель; тарих; Оңтүстік Қазақстан; ғылым; оқыту; әйелдер тарихы.

Kipicne

Тәуелсіздік алғаннан бері елімізде жаңа тарихи сана мен көзқарас қалыптасып, өткен тарихымызға жаңаша көзқараспен қарау үдерісі жүруде. Әсіресе, саяси қуғын-сүргін, ашаршылық тақырыбы тереңірек зерттеліп, осы бағытта ғалымдар ұлттық сананы көтеретін құнды еңбектер жариялады. Отандық ғалымдар М. Қозыбаев, К. Нұрпейісов, М. Қойгелдиев, Т. Омарбеков, Қ. Алдажұманов, И. Қозыбаев, Д. Орынбаева, А. Жанбосинова және т.б. кеңестік кезеңдегі саяси қуғын-сүргін оқиғасының барысын, мәнін, себеп-салдарын толықтай зерттеуде елеулі еңбек етті. Тәуелсіздік алғаннан кейін саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау ісі мемлекеттік деңгейде қайта қаралып, кешенді әрі жүйелі түрде жұмыстар жасалды. 2020 жылы XX ғасырдың 20-50 жылдарындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау бойынша мемлекеттік комиссия құрылып, әр өңірде ғылыми топтар жасақталды. Нәтижесінде 72 томнан тұратын жинақ әзірленіп, әр өңірге қатысты архив құжаттары жинақталды. Ғылыми мақаланы жазуда Түркістан облысындағы өңірлік комиссияның



2022 жылы жарыққа шығарған «Архив құжаттарындағы Түркістан облысының шерлі тарихы» [1] атты 6 бөлімнен тұратын жинақ мәліметтері пайдаланылды. Десе де бұл саяси оқиғаның зардабы мен ауқымдылығы соншалық оны толықтай зерттеп шығу да күрделі. Бірақ, бұл бағыттағы қазіргі зерттеулерді негізге ала отырып, репрессия тақырыбын бүгінгі білім алушы жас ұрпаққа оқыту, оқытудың жаңа әдістемесін, ғылыми-педагогикалық моделін әзірлеу міндетін орындауымыз керек. Бұл міндетті жүзеге асыруда білім алушылардың тарихи деректерді талдау қабілетін, зерттеушілік дағдысын және сыни ойлауын қалыптастыру маңызды. Сол себепті де тарих пәнінен репрессияға ұшыраған әйелдер тарихын оқытуды нәтижелі ету үшін оны кешенді педагогикалық жүйе ретінде қарастырып, ал білім алушыны тарихи білімді тек меңгеріп ғана қоймай, талдау және бағалау деңгейіне дейін жеткізе алуымыз керек. Басты мақсат – білім алушының тарихи санасын қалыптастыру, әр кезеңдегі саяси құбылыстар мен оқиғаларға өз көзқарасын дәлелді түрде жеткізе алатын тұлға қалыптастыру. Осы тұста мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың «Орталық Азия – Қытай» саммитінде сөйлеген сөзінде еліміздегі ғылыми әлеуетті дамытуды мақсат етіп, 2026 жылды «Білім мен ғылыми зерттеулер жылы» деп атауды ұсынған еді [2]. Ғылым мен білімді дамыту жағдайында тарихи білім берудің мазмұнын жаңарту, білім алушының зерттеушілік, дерекпен жұмыс жасай алу және объективті көзқарасын қалыптастыру маңызды деп есептейміз. Сондықтан да білім беру процесін ұйымдастыруда жыл сайын әзірленетін әдістемелік құралды негізге ала отырып [3], тарихи тұлғалардың қызметін бағалау, деректерді зерделеу, оның ішінде репрессия тақырыбын ғылыми тұрғыда зерттеп, оны оқыту үдерісіне енгізу және ғылыми-педагогикалық моделін әзірлеу өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Осы негізде репрессияланған әйелдер тарихын оқытудың ғылыми-педагогикалық моделін әзірлеу білім алушылардың тарихи санасын қалыптастыруда ерекше маңызға ие.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу мақаласы кешенді сипатқа ие болғандықтан ғылыми танымның теориялық, эмпирикалық әдістері мен жалпығылыми педагогикалық әдістер үйлесімді қолданылған. Тақырыптың өзектілігі, мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізуде педагогика, деректану, тарихи зерттеулер саласындағы ғылыми-педагогикалық еңбектерге талдау жасалды.

Ғылыми-педагогикалық модельдің құрылымдық компоненттері, мақсат-міндеті, жүзеге асыру тәсілдері модельдеу әдісі арқылы жүзеге асырылды. Педагогикадағы модельдеу әдісі арқылы репрессияға ұшыраған әйелдер тарихын оқыту үдерісінің кезеңдері, құрылымы мен оқыту формаларын ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі репрессияны басқа аймақтармен салыстыру мен ұқсастықтарына талдау жасауда тарих-салыстырмалы әдіс тиімді. Ал оқиғалардың болу реттілігі, бірізділігі мен кезеңдеріне талдау жасауда хронологиялық әдісті пайдаланып, оң нәтижеге қол жеткізуге болады. Ұсынылған модельдің тиімділігі мен нәтижесіне талдау жасауда «Лайкерт» шкаласына негізделген сауалнама жұмысы жасалады.

Зерттеу нәтижелер

Бүгінде отандық тарих ғылымында тәуелсіздік алған кезден бастап «репрессия» мәселесі төңірегінде көптеген зерттеулер жарыққа шықты. Репрессияға ұшырағандардың (ерлер, әйелдер, балалар) өмірі, қызметі, соттау туралы хаттамалар «құпия» күйден «жаңа ашылымдар» негізінде жарыққа шықты. Демек, бүгінгі мектептегі білім алушыны XX ғасырдың 20-30, 50-жылдардағы саяси репрессия



тарихымын таныстыру, оқыту, тарихи санасын, ойлауын қалыптастыруға болады. Әрине, ол ғылыми-педагогикалық тұрғыдан әзірленген кешенді құрылым арқылы ғана жүзеге асырылады. Бұл кешенді әдістемелік құрылым Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы, мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт пен білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқаулықтың ерекшеліктерін негізге ала отырып жүзеге асырылады.

2022 жылы өзгерістер енгізілген Қазақстан Республикасының жалпыға міндетті білім беру стандартында «Қазақстан тарихы» пәні «Адам және қоғам» білім беру саласы аясында жүзеге асырылатыны жазылған. Стандартқа сәйкес «Адам және қоғам» білім жүйесінде білім алушыларды тарихи ойлау, өткен мен қазіргі жағдайдың өзара байланысын түсіну мен ұғынуды, тәуелсіз тұжырым жасауды цифрлық ресурстар бойынша талдау жасауды көздейді [4].

Осы стандартты негізі ала отырып, жыл сайын әзірленетін әдістемелік нұсқау хат та білім алушылардың объективті көзқарасын қалыптастыруға бағытталған. 2025-2026 оқу жылының әдістемелік нұсқау хатта негізгі орта білім беру деңгейінде білім алушы тарихи көзқарасын оқиғалар мен тарихи тұлғалар ықпалына әділ көзқарас танытып, шешім мен әрекетті тарихи контексте бағалауды үйренеді [3, 69-б.]. Осы жерде заңды сұрақ туындайды: «Білім алушы XX ғасырдың басындағы саяси репрессия тарихын қалай қабылдайды?». Әрине, бұл сұрақтың жауабы ретінде білім алушы тарихи оқиғалар мен процесстерді, тарихтағы тұлғалар қысқартып дереккөздер мен сын тұрғысынан бағалайды, құзыреттілігі қалыптасады.

Сондықтан да мақаланы жазуда репрессияланған әйелдер тарихын оқытудың ғылыми-педагогикалық моделін әзірлеу жоспарланды. Модельдеу педагогикалық зерттеу әдісі ретінде объекті зерттеу мен оқытуға мүмкіндік береді. Бүгінде педагогикалық зерттеулерде модельдеу кеңінен қолданылып, өзінің артықшылықтары мен нәтижелігін көрсетуде. Әсіресе, гуманитарлық ғылымдар саласындағы тақырыптарды жүйелі түрде меңгертуде, жобалауда модельдеу әдісін кеңінен қолдануға болады. Ресейлік зерттеуші О.В. Галустян педагогикалық модельдеу әдісінің бірнеше оң тұстарын атап өтеді: зерттеу мақсаты модельдің негізі болып табылады; зерттелетін нысанның өзара байланысты жекелеген компоненттері болады; зерттелетін нысанның қазіргі жағдайын ескеру [5]. Осы артықшылықтар негізде ғылыми-педагогикалық модель әзірлеу жоспарланды.

Ең алдымен ғылыми-педагогикалық модельдің ғылыми негізін қалыптастырып аламыз: Педагогикалық модель – педагогика ғылымындағы кең таралған зерттеу әдістерінің бірі. Ол – объектінің мәні мен ерекшеліктері туралы ақпаратты құрылымдау және жүйелеу үдерісі ретінде қарастырылады. Модельдегі ақпарат шынайы, зерттеу бағыты анық, объектінің сипаты мен қайда қолдану керектігін нақты білдіруі керек. Ал ғылыми-педагогикалық модельді әзірлеудің басты мәні – педагогикалық тәжірибені тарату, оны дамыту, қолдану және жетілдіру.


Модель – латынның «modus» сөзінен шыққан, «тәсіл», «бейне» деген мағынаны білдіреді [6]. Бастапқыда бұл ұғым белгілі бір нысанның үлгісін білдіру үшін қолданылды. Ал бүгінгі ғылымда оның ауқымы кеңейді, басты белгісі – зерттелетін құбылысты бейнелеу, жүйелеу.

Қазіргі педагогика ғылымындағы зерттеулерде «модель» ұғымы әдістеме, оқыту тәсілдері мен жүйемен тең қарастырылады. Бұл С.М. Окулов пен О.В. Сизихинаның еңбегінде ғылыми тұрғыда негізделіп, ол құрылымы бойынша «мақсаттық, мазмұндық, бағалау және нәтиже» секілді компоненттерден тұрады» [7],-деп көрсетеді.



В.В. Краевский педагогикадағы модельді «қандай да бір нысанды зерттеу үшін арнайы жасалған құрылым» [8],-деп көрсетеді. Ал зерттеуші В.И. Писаренко педагогикадағы модельді 3 құрылымға бөледі. Олар: құрылымдық, ақпараттық және функционалдық [9, 63-6.]. Осы тұста біз В.В. Краевскийдің «модельдеу» тұжырымына қайта оралып, оның педагогикалық практикада «құрылымдық және функционалдық модельді ажыратып, екіншісінің кеңінен қолданылатынын жазады. Біздің зерттеу тақырыбымыз аясында әзірленген негізгі жұмысымыз құрылымдық модельге негізделеді. Құрылымдық модель – педагогикалық құбылыстың өзара байланысы мен құрылымдық ерекшеліктерін зерттеуге ықпал етеді әрі зерттеу құралы қызметін де атқарады [10].

Ғылыми-педагогикалық модельдің негізгі мақсаты – білім алушыларға репрессияланған әйелдерін тарихын ғылыми-педагогикалық тұрғыдан меңгерту, олардың тарихи санасын қалыптастыру. Осы мақсатта 4 компонентке біріккен ғылыми-педагогикалық модель әзірленді. Олар: мазмұндық, технологиялық, әдіснамалық, нәтижелік. Осы компоненттердің өзара бірлігі репрессияланған әйелдер тарихын тиімді оқытуға бағытталған ғылыми-педагогикалық модельдің тұтастығын қамтамасыз етеді.



1-Сурет – Ғылыми-педагогикалық модель: мазмұны мен құрылымы

Бұл модельді тиімді жүзеге асыру үшін белгілі бір педагогикалық шарт қажет. Ол 3 педагогикалық шартты құрайды:

Біріншісі – оқушылардың жас ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеру;

Екіншісі – оқушылардың тарихи санасын қалыптастыру, тарихи білімін жүйелеу және зерттеушілік қабілеттерін дамыту.

Үшіншісі – ғылыми тұрғыдан дәлелді деректерді және өңірлік материалдарды жүйелі пайдалану. Ол музей және архивтік құжаттарды қамтиды. Ғылыми-педагогикалық модель ғылыми негізін – Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі XX ғасырдың 20-30 жылдарында репрессияға ұшыраған әйелдер тарихынан алады. Яғни, осы педагогикалық шарттар орындалуы барысында біз оқушыларға «Не үшін оқытамыз?», «Қандай негізге сүйенеміз?» деген сұрақтарға толыққанды жауап берілетін болады.

Тарих пәні бойынша жекелеген өңірлердегі репрессияға ұшырағандар тарихын оқыту өте өзекті мәселі. Оны оқытушы, әдістемелік көмек көрсетуші – педагог. Педагог жаңа әдістеме әзірлеп, оны білім алушыларға сабақ барысында қолданып, тиімділігін дәлелдеу арқылы жоғары нәтижеге жетуге болады. Ал бұл әзірленген әдістеме педагогикалық қауымдастыққа ұсынылып, ғылыми тұрғыда бағаланып, өз нәтижесіне



жетуі үшін жүйелі түрде таныстырылады. Ал бұл жағдайда әзірленген әдістемені модель негізінде әзірлеп, жүйелі түрде сипаттау керек. Себебі, модельдеу ол зерттеу процесінің бір ғана бөлігі. Құрылған модельге енгізілген ақпарат белгілі бір тәсілмен сипатталып, жүзеге асыру жолдары көрсетіледі. Төменде ғылыми-педагогикалық модельдің әр компонентіне ғылыми сипаттама беріліп, жүзеге асыру жолдары төмендегідей ұсынылған:

Мазмұндық компонент. Бұл компонентте оқушыларға репрессия ұғымы, тоталитарлық жүйе тұсындағы саяси қудаланған әйелдердің өмірі мен тағдыры туралы мәліметтер ұсынылады. Бұл компонентте «Нені оқытамыз?» деген сұрақ төңірегінде ізденіс пен жаңа ақпаратты ұсынамыз. Негізгі зерттеу компоненті өңірлік сипатта болғандықтан Оңтүстік Қазақстан облысы мысалында жүргізіледі.

Бүгінде көптеген ғылыми әдебиеттер мен зерттеулерде «репрессия» ұғымы кеңінен кездеседі. Репрессия – билік тарапынан жүргізілетін мемлекет азаматтарын құқықтық және бостандығын шектеуге бағытталған жазалау шарасы [11].

Кеңестік кезеңде репрессия партия мен мемлекеттің ұлттық саясатының негізгі бағыты ретінде кезең-кезеңімен жүзеге асырылды. Белгілі зерттеуші З.Ғ. Сақтағанова Қазақстандағы XX ғасырдың 20-80 жылдарындағы саяси репрессияларды 9 кезеңге бөліп көрсетеді. Әр кезеңге жеке-жеке сипаттама бере отырып, оны «халықтың барлық санатына әсер етті» [12], -деп көрсетеді. Демек, «сталиндік репрессия» деп аталатын саяси қуғындау С.Д. Шаймұханованың монографиясында келтірілген мәлімет бойынша: «Қазақстан К(б)П ОК бюросы, облыстық, қалалық және аудандық партия комитеттерінің бірінші хатшылары, қалалық және аудандық кеңестердің төрағалары түгелге жуығы қуғындалды» [13]. Ал осы мәліметтерді Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша қарастырайық: репрессияға ұшыраған әйелдердің өмірі, қызметі мен жазалануы – ер адамдардың қудалануымен тікелей байланысты. Қазақтың саяси элитасы қудалауға ұшырағанда олардың отбасы мүшелері де қуғын көрді. Соның салдарынан олардың әйелдері де 55-бап бойынша сотталды. Көп жағдайда репрессияға ұшыраған әйелдердің саны нақты көрсетіле бермеген. 1998 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша репрессияға ұшыраған адамдарға қатысты «Азалы кітапта» келесідей әйел адамдар туралы мәлімет берілген:

*Манакова Анна Матвеевна – 1874 жылы дүниеге келген, үй шаруасындағы әйел. 1951 жылы сотталып, 1989 жылы ақталған.

*Мартене Мария Семеновна – 1888 жылы дүниеге келген, үй шаруасындағы әйел. 1942 жылы сотталған, 1989 жылы ақталды.

*Маукенова Наурызкүл – 1890 жылы дүниеге келген, колхозшы. 1943 жылы үштіктің шешімімен сотталған, 1989 жылы ақталды.

*Мензулова Екатерина Фоминична – 1895 жылы дүниеге келген, монашка. 1932 жылы 2 наурызда сотталып, 1989 жылы ақталған.

*Мирошниченко Надежда Ивановна – 1908 жылы дүниеге келген, артель есепші. 1936 жылы 25 шілдеде НКВД үштігі соттаған, 1989 жылы ақталған.

*Шетинина Нина Борисовна – пианист, 1904 жылы туылған. 1938 жылы 14 қаңтарда НКВД ерекше соты соттаған [14]. Аталған мәліметтерді сараптай отырып, репрессияға ұшыраған әйелдердің қоғамдағы рөлі әрқалай, бірі үй шаруасында болса, бірі колхозшы, есепші секілді қызметтер атқарған. Репрессияға ұшырау мерзімдері әртүрлі болғанымен, барлығы дерлік 1989 жылы ақталған.

Әдіснамалық компонент. Бұл компонент бойынша білім алушылар үшін «Қандай ғылыми негізге сүйенеміз?» деген сұрақ төңірегінде әдістемелік негіз



жасаймыз. Яғни, оқушылардың репрессияланған әйелдер тарихына қатысты тақырыпты меңгерудің тиімді жолдарын айқындаймыз. Ол нақты ғылыми әдістерге негізледі. Атап айтқанда жобалық оқыту әдісі, салыстырмалы әдіс және хронологиялық әдіс.

Жобалық оқыту әдісінің тиімді тұсы – зерттеу барысында оқушылардың танымдық, шығармашылық және зерттеушілік қабілетін арттыру мақсатында тиімді қолданылады. Аталған әдіс арқылы білім алушылар репрессияға ұшыраған әйелдер тарихын, өмір жолына қатысты музейлік, архивтік деректерді қолдану арқылы зерттеу жүргізеді. Бұл әдіс оқушыға тарихи оқиғаны қазіргі заманмен байланыстыруға ықпал етеді.

Салыстырмалы әдіс арқылы Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі репрессияны басқа өңірмен салыстыру, себептері мен салдарына талдау жасауға мүмкіндік алады.

Хронологиялық әдісті пайдаланудағы ұтымды тұсы оның репрессияның кезеңдерін, аймақтардағы оқиғалардың өзара байланысын түсінуге көмектеседі. Оқиғаға хронологиялық реттілікпен талдау, тарихи фактілерді жүйелеу мен бірізділігін сақтауда әдістің ұтымды жағы басым.

Технологиялық компонент. Бұл компонент репрессияға ұшыраған тұлғаларға қатысты өңірлік деректер (архив, музей), репрессия құрбандарын ақтау ісі бойынша мемлекеттік комиссия жариялаған жинақ мәліметтерін құрайды. Атап айтқанда: «e-museum» жобасы, виртуальды тур, саяси қуғын-сүргін музейі.

«Е-museum» жобасы. Бұл еліміздегі виртуальды жүйе арқылы музейлер қорын біріктіретін бірыңғай платформадан. Платформада 285 музей мен 66 мыңға экспонат, 15 виртуальды тур мен 3D форматта 750 модель цифрландырылған. Платформаның негізгі мақсаты – еліміздегі музейлердің қорындағы мәдени мұраны сақтау, цифрландыру. «Е-museum» жобасы арқылы бүгінгі таңда еліміздегі барлық музейлерге виртуальды тур ұйымдастырып, ақпарат алуға болады. Бұл платформа арқылы білім алушы тандаған музейін интерактивті форматта көріп, зерттеу жүргізе алады. Енді осы платформаны практикалық тұрғыда, яғни мектепте сабақ өту кезінде қалай қолдануға болатынын ашып көрсетейік: Мысалы, 8-сынып тарих пәні бойынша §20-21. «1920-1930 жылдардағы саяси репрессиялар» тақырыбын өту кезінде оқушылар үшін саяси лагерлер жүйесінің құрылуына қатысты толық ақпарат беру кезінде осы платформаны қолдануға болады. Оқулықта «АЛЖИР» лагерінде саяси себептермен қуғын-сүргінге ұшыраған халық жауларының әйелдері қамалғаны жазылады. Атап айтқанда, Т. Жүргеновтың зайыбы – Д. Ермекова, Т. Рысқұловтың жары – Ә. Рысқұлова, С. Қожановтың зайыбы – К. Қожанов, З. Темірбековтың зайыбы – С. Назарова, С. Сейфуллиннің жұбайы – Г. Батырбекқызы, Б. Майлиннің жары – К. Майлин және т.б. әр түрлі мерзімдерге сотталды. Ал оқушыға әр өңір бойынша толыққанды мәлімет беру кезінде педагог оқулықтағы ақпаратты емес, платформаға кіру арқылы толыққанды виртуальды тур жасай алады.

Оңтүстік Қазақстан өңірі бойынша репрессияға ұшыраған әйелдерге қатысты «e-museum» платформасына кіріп, Шымкент қаласындағы «Саяси қуғын-сүргін құрбандары музейіне» виртуальды тур ұйымдастыра алады. Виртуальды тур барысында оқушыға музей туралы келесі мәліметтер қолжетімді:

- Музейдің орналасқан жері;
- Музейдің ашылу себебі мен миссиясы;
- Музейдегі экспозицияның сипаттамасы;



– Музейдің үш негізгі залы («Экспозиция» залы, «Тағзым (Естелік)» залы, «Кинозал» залы) туралы мәліметтер;

– Тарихи тұлғаларға арналған фотосуреттер.

Музейге виртуальды тур келесі сілтеме арқылы жүзеге асырылады: <https://e-museum.kz/museum/68da37a8aabe9493d-ru/>

Музей аумағы – 738 м². Онда 16 707 экспонат жинақталған. Әр зал бойынша жеке-жеке экспонаттар ұсынылған: экспозициялық залда – 364 экспонат, 233 сурет, 131 архив құжаты бар. Бұл зал 12 тақырыпқа бөлінген: «Алаш қозғалысының қайраткерлері», «Ашаршылық», «Созақ көтерілісі», «Адай көтерілісі», «Қазақстандағы еңбекпен түзету лагерінің картасы», «Оңтүстік өңір бойынша жазықсыз сотталғандар», «Азаптау камерасы», «Карлаг», «Алжир», «Тоталитаризм трагедиясы», «Депортация», «1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы».

«Тағзым» залында Шымкент пен Түркістан облысы бойынша қара тасқа қашалған 2500 адамның есімі орналастырылса, «Кинозал» залында саяси қуғын-сүргін мен ашаршылыққа қатысты деректі фильмдер көрсетіледі.

E-museum жобасы «жаңа музейтану» саласында артықшылыққа ие. Яғни, дәстүрлі музейге қарағанда уақытты үнемдеу, цифрландыру, сабаққа интеграциялау мүмкіндігі, бірегей база мен қолжетімділігі.

Саяси қуғын-сүргін музейі. Музейлік дерек ретінде – Шымкент қаласында 2001 жылы 2 қарашада құрылған саяси қуғын-сүргін құрбандарының музейі де басты деректік нысан болып табылады. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу, тарихи тұлғаларды ардақтау мен есімдерін бүгінгі ұрпақтың есінде мәңгі қалдыру мақсатында ашылған бұл музейдің экспозициясының орны ерекше. «Тағзым» және «Экспозициялық» деп аталатын 2 залдан тұратын музей қазақ зиялылары мен олардан қалған мұраны бүгінгі жастарды ұлттық рухта тәрбиелеуде, олардың педагогикалық идеялары арқылы тарихын құрметтеу, ұлттық құндылықтарды қастерлеуге тәрбиелейді [15].

Нәтижелік компонент. Бұл компоненттің негізгі көрсеткіші білім алушылармен «Қандай нәтижеге жеттік?» сұрағы төңірегінде болады. Яғни, оқушыларға модель негізінде репрессияға ұшыраған әйелдер туралы толық мәлімет береміз, архив және музей мәліметтерімен танысады, бағалау тәсілдері, көрсеткіштер мен күтілетін нәтижеге ерекше назар аударылады.

Тәжірибелік жұмыс біз ұсынған ғылыми-педагогикалық модельдің тиімділігін анықтау мақсатында жасалады. Тәжірибе жұмысы ретінде Шымкент қаласындағы М. Жұмабаев атындағы №39 жалпы орта мектеп базасы тандап алынды. Практикалық жұмысқа 8-сыныптың 24 оқушысы қатысты.

Нәтижелік компонент бойынша «бағалау тәсілдері–көрсеткіштер–күтілетін нәтиже» өзара байланысты жүйе ретінде қарастырылады.

Бағалау тәсілдері – білім алушылардың репрессияланған әйелдер тарихы бойынша теориялық білімін, тарихи ойлауын және деректермен жұмыс жасау қабілетін анықтайды. Бұл тәсілді қолдану барысында «мазмұндық-технологиялық-әдіснамалық» жүйесі өзара байланысты жұмыс жасайды.

Бағалау тәсілдері ретінде тест тапсырмалары, сауалнама және жобалық әдістер тандап алынды.

Көрсеткіштер – бағалау тәсілі бойынша білім алушылардың репрессияланған әйелдер тарихына қатысты білім деңгейін анықтаумен байланысты. Ол тақырып бойынша оқушылардың тақырыпты меңгеру, деректермен жұмыс жасай деңгейіне



байланысты өлшенеді. Ол үшін әр көрсеткішті бағалаудың жоғары, орта және төменгі деңгей анықталды. Төмендегі 1-кестеде бағалау көрсеткіштері (жоғары, орта, төмен) деңгей бойынша нақты көрсетілген. Көрсеткіштер білім алушыларға ұсынылған тақырыптар негізінде әзірленді. Әр деңгейдің өзіндік көрсеткіші анықталған және сол бойынша бағалау жүргізіледі.

1-кесте – Модельдің нәтижелік компоненті бойынша бағалау көрсеткіштері

№	Көрсеткіштер	Деңгей		
		Жоғары	Орта	Төмен
1	Репрессия тарихы. Саяси қудаланған әйелдер туралы мәліметті біледі	Тақырыпты толық меңгерген, мазмұнды әрі нақты деректермен жұмыс жасай алады	Тек негізгі мәліметтерді біледі, бірақ толық ашып айта алмайды	Тақырып бойынша ақпаратты толық меңгермеген
2	Репрессияға қатысты архив, музей деректеріне талдау жасау.	Саяси қайраткерлерге қатысты нақты деректерді біледі, толық айта алады	Тек музейлік немесе архив деректерін біледі	Тарихи фактілерді шатастырады
3	Репрессияның Оңтүстік Қазақстан өңірінде жүргізілуі және осы аумақтағы оқиғалар	Белгілі өңірге қатысты репрессияның салдары мен негізгі тұлғалар туралы мәліметтерді біледі, толық сипаттай алады.	Кейбір фактілерді ғана біледі	Аймақтық оқиғаларды түсінбейді

Ескерту: Автормен құрастырылған

Бұл көрсеткіш бойынша оқушылардың білім деңгейін анықтау үшін 8-сынып оқушыларынан тақырып бойынша келесі бағалау жұмыстары жүргізілді:

Тест тапсырмасы. 8-сынып оқушыларына репрессия ұғымы, саяси қудалауға ұшыраған әйелдер тағдыры, Оңтүстік Қазақстан өңірі бойынша қудаланған әйелдер туралы білім деңгейін анықтау мақсатында жүргізілді. Бұл тәсіл қысқа уақыт ішінде оқушының білім деңгейін анықтауға арналған. Тест мазмұны келесідей тақырыптарды қамтыды: репрессияның қамтыған уақыты, ұғымы, репрессияға ұшыраған әйелдердің тағдыры, Оңтүстік Қазақстан өңірінде жүргізілу ерекшеліктері мен салдары.

Сауалнама. Бұл тәсілдің негізгі ұтымды жағы – білім алушының тақырыпқа деген сыни, тарихи көзқарасы мен қызығушылық деңгейін анықтау. Бұл тәсілді қолдану арқылы оқушының эмоционалды қабылдауы, ой-пікірі мен тарихи санасының қабылдауын бағалауға болады. Бұл тәсілді жүзеге асыру «Лайкерт шкаласы» негізінде жүргізіледі. Бұл қажеттілікті анықтау шкаласы арқылы ғылыми-педагогикалық модельдің тиімділігіне қатысты білім алушылардың пікірін анықтауға болады.

Жобалық жұмыс. Білім алушының зерттеушілік дағдысы мен деректермен жұмыс жасау қабілеті мен шығармашылық ойлауын дамытуда қолданған тиімді. Бұл әдіс бойынша білім алушының модельдің «мазмұндық компоненттегі» теориялық білімін практикада қолдануға мүмкіндік береді. Білім алушыға музей, архив және кітапханада жұмыс жасауына байланысты жобалық тақырып беріп, зерттеу жүргізуіне мүмкіндік беріледі. Білім алушыға ұсынылатын тақырыптар: «Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі репрессияланған әйелдер тағдыры»; «Музей экспонаттары арқылы репрессияланған әйелдер тарихын тану»; «Саяси қуғын-сүргін құрбандары музейі: тарихи жадының ордасы».

Күтілетін нәтиже – білім алушылардың репрессияланған әйелдер тарихына қатысты мәліметтерді сыни талдау, деректерді ғылыми тұрғыда дұрыс қолдануынан көрінеді. Сонымен қатар, нәтижелік компонент бойынша ұсынылған көрсеткіштерге




сай тест, сауалнама мен жоба жұмысының нәтижесі ұсынылады. Ең алдымен 8-сынып оқушыларынан алынған тест нәтижесі бойынша келесідей талдауды ұсынамыз:



1-Сурет – Тәжірибе жұмысы бойынша алынған тест нәтижесі

Тест нәтижесі бойынша қатысқан 24 оқушының барлығы репрессияға қатысты ұсынылған тапсырмаларды сәтті орындады. Қатысушылардың басым бөлігі 41.7% (10 оқушы) орта деңгейді білім деңгейін көрсетті. Жоғары деңгейді көрсеткен оқушылар саны – 9, яғни 37.5%. Бұл оқушылар репрессияға ұшыраған әйелдердің тарихын, өңірлер бойынша музейлік, архивтік мәліметтерді толық мергерген және нақты деректерді дұрыс қолдана алады. Ал 5 оқушы 20.8% пайызды көрсеткішті төмен деңгейде көрсетті, яғни олардың тақырыптарды толық түсінбеген, қосымша жұмыстар жүргізуді қажет етеді.

Тәжірибе жұмысы барысында 8-сынып оқушыларының көзқарасы мен қызығушылығын анықтау мақсатында сауалнама алынды. Сауалнама онлайн форматта «Лайкерт шкаласы» негізінде жүзеге асырылды.



2-Сурет – «Лайкерт шкаласы» бойынша сауалнама нәтижесі

«Лайкерт шкаласы» бойынша тәжірибе жұмысына қатысушылардан сауалнама алынып, оң динамика (4.0) байқалды. Бұл тақырыпты біз ұсынған модель негізінде жақсы мергергенін, жоғары қызығушылық танытқанын білдіреді. Сауалнама бойынша қатысушылар 4.3 шкала бойынша «Тақырыпқа қызығушылық» және 4.5 шкала «Тарихи тақырыптың маңыздылығын түсіну» бойынша таңдау жасаған. Бұл репрессияға ұшыраған әйелдер тарихының оқушылардың құндылықтық көзқарасын қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын дәлелдейді.

Қорытынды

Ғылыми мақала бойынша қорытынды: репрессияға ұшыраған әйелдер тарихын мектепте оқытудың ғылыми-педагогикалық моделі бойынша жүргізілген зерттеу нәтижелері тарихи білім беруде тұлғалық-бағдарлы, жобалық, зерттеушілік және цифрлық ресурстарға негізделген оқыту тәсілдерінің тиімді екенін көрсетті. Зерттеу барысында ұсынылған модельдің мазмұны жобалық оқыту, салыстырмалы және хронологиялық әдістер негізінде құрылып, оқушылардың тарихи ойлау қабілетін дамытуға бағытталды. Сонымен қатар, e-museum цифрлық ресурсты қолдану оқу үдерісінің көрнекілігін арттырып, оқушылардың қызығушылығын күшейтті.



Тәжірибелік жұмыс барысында оқушылар арасында сауалнама алынып, тест тапсырмасы мен жобалық жұмыс арқылы бағаланды. Тест нәтижесіне сәйкес білім алушылардың басым бөлігі тақырыпты орта және жоғары деңгейді мергергені дәлелденді. Бұл біз ұсынған модельдің оқу материалдарын меңгеруде тиімді екенін көрсетті. Жобалық жұмыстар бойынша ұсынылған тақырыптар білім алушылардың зерттеушілік, тарихи деректермен жұмыс жасау дағдылары мен қорытынды жасау қабілетін көрсетті. Қажеттілікті анықтауға арналған «Лайкерт шкаласы» бойынша қатысушылардың басым бөлігі тарихи тақырыптың маңыздылығын 4.0 шкаласымен бағаланды. Бұл білім алушылардың тақырыпқа деген қызығушылығын білдіреді және маңыздылығын түсінеді.

Жүргізілген тәжірибе жұмысы бойынша ұсынылған ғылыми-педагогикалық модельдің тиімділігі дәлелденді. Аталған модель тарихи білім берудің мазмұнын жаңартып, заманауи педагогикалық талаптарға сәйкестендіруге мүмкіндік береді. Осылайша, зерттеу нәтижелері ұсынылған ғылыми-педагогикалық модельдің тиімді екенін дәлелдейді.

ӘДЕБИЕТ

[1] Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20-50 жылдары) / құраст.: Х. Тұрсын. Архив құжаттарындағы Түркістан облысының шерлі тарихы. 1918-1954. – Астана, 2022. – 391 б.

[2] Президент екінші «Орталық Азия – Қытай» саммитіне қатысты [Электрондық ресурс] – URL: <https://www.akorda.kz/kz/prezident-ekinishi-ortalyk-aziya-kytay-sammitine-katysty-175258> (Қаралу күні: 10.03.2026)

[3] «2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2025. – 172 б.

[4] «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы [Электрондық ресурс] – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031> (Қаралу күні: 07.03.2026)

[5] Галустьян О.В., Цзинвэй Чжан., Гамисония С.С. Педагогическое моделирование в исследованиях по педагогике высшей школы: теоретические аспекты // Вестник ВГУ: серия проблемы высшего образования. – 2024. – №1. – С. 29-32.

[6] Землянская Е.Н. Моделирование как метод педагогического исследования // Преподаватель XXI век. – 2013. – №3. – С. 36-43.

[7] Окулов С.М., Сизихина О.В. О моделях в педагогических исследованиях // Вестник Вятского государственного университета. – 2009. – №4. – С. 135-138.

[8] Краевский В.В. Методология педагогики: пособие для педагогов-исследователей. – Чебоксары: Изд.-во: Чувашского ун-та, 2001. – 244 с.

[9] Писаренко В.И. Педагогические модели: типология и особенности // Проблемы современного образования. – 2024. – №1. – С. 58-74. DOI: 10.31862/2218-8711-2024-1-58-76

[10] Парманкулова П.Ж., Сыздык М.Н., Джанзакова М.А. Структурная модель подготовки будущих педагогов к инклюзивному обучению // Scientific Journal of Pedagogy and Economics. – 2025. – №414(2). С. 271-287. DOI: <https://doi.org/10.32014/2025.2518-1467.926>



[11] Оңтүстік Қазақстан саяси қуғын-сүргін (репрессия) жылдарында: (1917-1939) / С.У. Бақторазов. – Тараз, 2007. – 165 б.

[12] Сактаганова З.Г. Политические репрессии в Казахстане в 1920-1980-е гг.: этапы, последствия и проблемы реабилитации // Отан тарихы. – 2021. – №3(95). – С. 136-144. DOI 10.51943/1814-6961_2021_3_136

[13] Шаймуханова С.Д. Политические репрессии в Казахстане (30-40-е – начало 50-х гг.). – Караганда, 2000. – 201 с.

[14] Азалы Кітап – книга скорби. Атылғандардың тізімі. Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша / Құраст. Оразбекұлы Қ. – Шымкент: Зерде баспасы, 1998. – 293 б.

[15] Қозғамбаева Г.Б., Бейсегүлова А.Қ. Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарының музейі // Edu.e-history.kz. – 2016. – №4(8). – Б. 198-205. DOI: <https://ajspiie.com/index.php/history/article/view/994>

REFERENCES

[1] Tursyn N. (2022). Sayasi kugyn-surgin kurbandaryn tolyk aktau zhonindegi Memlekettik komissiyany materialdary (XIX gasyrdyn 20-50 zhyldary) / Arhiv kuzhattaryndagy Turkistan oblysynyn sherli tarihy. 1918-1954 [Materials of the State Commission for the Full Compensation of Victims of Political Repression (20-50s of the XX century) / Compiled by: Kh. Tursyn. The tragic history of the Turkestan region in archival documents. 1918-1954]. Astana [in Kazakh]

[2] Prezident ekinshi «Ortalyk Aziya – Kitai» sammitine katysty [President participates in the second Central Asia-China summit]. [Elektrondyk resurs] URL: <https://www.akorda.kz/kz/prezident-ekinshi-ortalyk-aziya-kytay-sammitine-katysty-175258> (10.03.2026) [in Kazakh]

[3] «2025-2026 oku zhylynda Kazakhstan Respublikasynyn zhalpy bilim beretin mektepterinde bilim beru procesin uiymdastyrudyn erekshelekteri turaly» adistemelik nuskau hat (2025). [Methodological instruction letter «On the peculiarities of organizing the educational process in comprehensive schools of the Republic of Kazakhstan in the 2025-2026 academic year»]. Astana [in Kazakh]

[4] «Mektepke deiingi tarbie men okytudyn, bastauysh, negizgi orta, zhalpy orta, tekhnikalыk zhane kasiptik, orta bilimnen keiingi bilim berudin memlekettik zhalpyga mindetti standarttaryn bekitu turaly» Kazakhstan Respublikasy Oku-agartu ministrinin 2022 zhyly 3 tamyzdagы №348 buirigi [Order №348 of the Minister of Education of the Republic of Kazakhstan dated August 3, 2022 «On approval of state mandatory standards for preschool education and training, primary, basic secondary, general secondary, technical and vocational, and post-secondary education»]. [in Kazakh]

[5] Galustyan O.V., Czinev Chzhan., Gamisoniya S.S. (2024). Pedagogicheskoe modelirovanie v issledovaniyah po pedagogike vysshei shkoly: teoreticheskie aspekty [Pedagogical modeling in research on higher education pedagogy: theoretical aspects]. Vestnik VGU: seriya problemy vysshego obrazovaniya – VSU Bulletin: Higher Education Issues Series. 1, 29-32. [in Russian]

[6] Zemlyanskaya E.N. (2013). Modelirovanie kak metod pedagogicheskogo issledovaniya [Modeling as a method of pedagogical research] Prepodavatel XXI vek – Teacher of the 21st century. 3, 36-43. [in Russian]

[7] Okulov S.M., Sizihina O.V. (2009). O modelyakh v pedagogicheskikh issledovaniyah [On models in pedagogical research] // Vestnik Vyatskogo gosudarstvennogo universiteta – Bulletin of Vyatka State University. 4, 135-138. [in Russian]



[8] Kraevskii V.V. (2001). Metodologiya pedagogiki: posobie dlya pedagogov-issledovatelei [Methodology of Pedagogy: A Handbook for Research Teachers]. Cheboksary [in Russian]

[9] Pisarenko V.I. (2024). Pedagogicheskie modeli: tipologiya i osobennosti [Pedagogical models: typology and features] // Problemy sovremennogo obrazovaniya – Problems of modern education. 1, 58-74. DOI: 10.31862/2218-8711-2024-1-58-76 [in Russian]

[10] Parmankulova P.Zh., Syzdyk M.N., Dzhanzakova M.A. (2025). Strukturnaya model podgotovki budushchih pedagogov k inklyuzivnomu obucheniyu [A structural model for preparing future teachers for inclusive education] // Scientific Journal of Pedagogy and Economics. 414(2), 271-287. DOI: <https://doi.org/10.32014/2025.2518-1467.926> [in Russian]

[11] Baktorazov S.U. (2007). Ontustik Kazakhstan sayasi kugyn-surgin (repressiya) zhyldarynda: (1917-1939) [Ontustik Kazakhstan sayasi kugyn-surgin (repression) zhildarynda: (1917-1939)]. Taraz [in Kazakh]

[12] Saktaganova Z.G. (2021). Politicheskie repressii v Kazakhstane v 1920-1980-e gg.: etapy, posledstviya i problemy reabilitatsii [Political repression in Kazakhstan in the 1920s–1980s: stages, consequences, and problems of rehabilitation] // Otan tarihy – History of the homeland. 3(95), 136-144. DOI 10.51943/1814-6961_2021_3_136 [in Russian]

[13] Shaimuhanova S.D. (2000). Politicheskie repressii v Kazakhstane (30-40-e – nachalo 50-h gg.) [Political repressions in Kazakhstan (1930s-1940s – early 1950s)]. Karaganda [in Russian]

[14] Orazbekuly K. (1998) Azaly Kitap – kniga skorbi. Atylgandardyn tizimi. Ontustik Kazakhstan oblysy boiynsha [Azaly Kitap – book of sorrow. Atylgandardyn tizimi. Ontustik Kazakhstan bald boiynsha]. Shymkent: Zerde baspasy. [in Kazakh]

[15] Kozgambaeva G.B., Beisegulova A.K. (2016) Ontustik Kazakhstan oblysy Shymkent kalasyndagy sayasi kugyn-surgin kurbandarynyn muzei [Museum of Victims of Political Repression in Shymkent, South Kazakhstan Region] // Edu.e-history.kz. 4(8), 198-205. DOI: <https://ajspiie.com/index.php/history/article/view/994> [in Kazakh]

Исабек М.К., Сугирбаева Г.Д., Орынбасарова Г.Ж.

НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ МОДЕЛЬ ПРЕПОДАВАНИЯ ИСТОРИИ РЕПРЕССИРОВАННЫХ ЖЕНЩИН (НА ПРИМЕРЕ ЮЖНОГО КАЗАХСТАНА)

Аннотация. В статье проводится анализ цели, структуры и научных основ научно-педагогической модели обучения истории репрессированных женщин. История репрессий, судьбы женщин, подвергшихся политическим преследованиям, рассматриваются на примере Южного Казахстана. В качестве основных источников использованы материалы региональных архивов и музеев, документы Государственной комиссии по реабилитации жертв политических репрессий, а также труды отдельных исследователей. Актуальность исследования заключается в разработке, апробации и внедрении модели обучения истории репрессированных женщин в школьном курсе истории, направленной на формирование исторического сознания, познавательной активности и исследовательских навыков учащихся. Реализация модели осуществляется через интеграцию в учебную программу сведений о жизненном пути, общественной роли и деятельности репрессированных женщин. В ходе исследования предложены подходы к отбору исторических источников, их интеграции в учебную программу по истории, а также эффективные методы обучения. Научно-педагогическая модель направлена на развитие критического мышления учащихся и анализ исторических фактов. В статье эффективно применены историко-документальный, сравнительно-исторический, интерактивные методы обучения, а также общенаучный метод моделирования. Комплексное



использование данных методов позволяет создать научно-педагогическую модель обучения истории репрессированных женщин. Предложенная модель способствует внедрению новых методов в преподавание истории и более глубокому осмыслению судьбы репрессированных женщин.

Ключевые слова: репрессии; методика; педагогика; модель; история; Южный Казахстан; наука; обучение; история женщин.

Issabek M.K., Sugirbaeva G.D., Orynbasarova G.Zh.

**SCIENTIFIC AND PEDAGOGICAL MODEL FOR TEACHING THE HISTORY OF
REPPRESSED WOMEN (BASED ON THE CASE OF SOUTHERN KAZAKHSTAN)**

Annotation. The article analyzes the goals, structure, and scientific foundations of a scientific and pedagogical model for teaching the history of repressed women. The history of repression and the fate of women subjected to political persecution are examined using the example of South Kazakhstan. The main sources include regional archival and museum materials, documents of the State Commission for the Rehabilitation of Victims of Political Repression, as well as the works of individual researchers. The relevance of the study lies in the development, testing, and implementation of a model for teaching the history of repressed women in the school history curriculum, aimed at enhancing students' historical consciousness, cognitive activity, and research skills. The model is implemented through the integration of materials about the life paths, social roles, and public activities of repressed women into the curriculum. The study proposes approaches to the selection of historical sources, their integration into the history curriculum, and effective teaching methods. The scientific and pedagogical model is aimed at developing students' critical thinking and their ability to analyze historical facts. The article employs historical-documentary, comparative-historical, interactive teaching methods, as well as the general scientific method of modeling. The integrated application of these methods makes it possible to construct a scientific and pedagogical model for teaching the history of repressed women. The proposed model contributes to the introduction of innovative teaching approaches and promotes a deeper understanding of the fate of repressed women.

Keywords: repression; methodology; pedagogy; model; history; South Kazakhstan; science; teaching; women's history.